

Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасын қаржыландыру үшін Ислам Даму Банкінің қарызын тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 тамыздағы N 882 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Заңнамада белгіленген тәртіппен Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасын (бұдан әрі - жоба) қаржыландыру үшін 7 000 000 (жеті миллион) ислам динарынан аспайтын сомаға келісім (шарт) жасасу нысанында Ислам Даму Банкінің (бұдан әрі - Кредит беруші) қарызын тарту жолымен үкіметтік қарыз алу жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбековке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Кредит берушімен қарыз туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Жобаны республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қосылған құн салығын төлеуді қоса алғанда, 1 863 000 (бір миллион сегіз жүз алпыс үш мың) АҚШ долларынан аспайды деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражат есебінен тартылатын қарызға қызмет көрсетуді және оны өтеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті тартылатын қарыз қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі